

## "Аяқ киім тауарларын таңбалау мен қадағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 518 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің м.а. 2023 жылғы 19 желтоқсандағы № 131 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 21 желтоқсанда № 33790 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аяқ киім тауарларын таңбалау мен қадағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 518 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24624 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аяқ киім тауарларын таңбалау мен қадағалау қағидаларында:

#### 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Аяқ киім тауарларын айналымға енгізу оларға сәйкестендіру құралдарын енгізу және аяқ киім тауарларын сәйкестендіру құралдарымен таңбалау, олардың айналымы және Қазақстан Республикасының аумағындағы айналымнан шығару туралы мәліметтерді ТТК АЖ-ға беру арқылы жүзеге асырылады.

Сәйкестендіру құралдарымен таңбаланбаған аяқ киім тауарлары қалдықтарының айналымына және айналымнан шығаруға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін (сатылатын) аяқ киім тауарларының қалдықтарын таңбалау 2024 жылғы 1 ақпанға дейін жүзеге асырылады.";

#### 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өндірушілер Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген аяқ киім тауарларын сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды тауарды жаңа меншік иесіне немесе өзге тұлғаға бастапқы өтеулі немесе өтеусіз бергенге дейін жүзеге асырады.

Импорттаушы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өндірілген аяқ киім тауарларын Қазақстан Республикасының аумағына әкелгенге дейін немесе аяқ киім тауарларын ішкі тұтыну немесе кері импорт үшін шығарудың кедендік рәсімдерімен орналастырғанға дейін таңбалауды қамтамасыз етеді. 2024 жылғы 1 ақпанға дейін тауарларды импорттаушының меншікті қойма үй-жайларында ішкі тұтыну үшін шығару немесе кері импорт рәсіміне орналастырғаннан кейін оларды таңбалауға рұқсат етіледі.

Комиссионер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 43-тарауына сәйкес жасалған комиссия шарттары шенберінде жеке тұлғалардан сатуға қабылданатын аяқ киім тауарларын таңбалауды қамтамасыз етеді.

Аяқ киім тауарларын сәйкестендіру құралдары жоғалған немесе бүлінген жағдайда, аяқ киім тауарлары айналымына қатысуши сатып алу-сату мәмілелері шенберінде жеткізілетін (өткізілетін), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 41 және 43-тарауларына сәйкес жасалған комиссия/тапсырма Шарттары шенберінде жүзеге асырылады.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Аяқ киім тауарлары Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, айналымда болған және қайтарылған жағдайларда, аяқ киім тауарларына, аяқ киім тауарларының тұтыну қаптамаларына немесе аяқ киім тауарларының тауарлық жапсырмаларына сәйкестендіру құралдарын енгізу осындай тауарларды өндіру немесе сақтау орындарында, ал әкелінген жағдайда – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын іс жүзінде кесіп өткенге дейін, ішкі тұтыну немесе кері импорт үшін шығарудың кедендей рәсімдерімен орналастырылғанға дейін жүзеге асырылады. 2024 жылғы 1 ақпанға дейін аяқ киім тауарларына немесе аяқ киім тауарларының тұтыну орамдарына немесе аяқ киім тауарларының тауарлық жапсырмаларына аяқ киім тауарларын ішкі тұтыну үшін шығару рәсіміне орналастырғаннан кейін немесе импорттаушының меншікті қойма үй-жайларында кері импорт жасауға рұқсат етіледі.".

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің  
міндеттін аткарушы

И. Оспанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК